

ӘОЖ 82:81-26; 82:81'38; МҒТАР 17.07.51  
<https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.02>**М. ӘЛІПХАН***филология ғылымдарының кандидаты, доцент*  
*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті*  
*(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: maksat.alipkhan@ayu.edu.kz*  
<https://orcid.org/0000-0001-6867-2709>**АБАЙ ТАНЫМЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕГІ М.ӘУЕЗОВ ЗЕРТТЕУІНДЕ**

**Аңдатпа.** Мақалада М. Әуезовтің абайтану бастауында тұрған тұлғасы мен оның Абайдағы адамгершілік танымды негіздеген түйінді ойлары қарастырылған. М. Әуезов – абайтану ғылымының негізін қалаушы. Ол Абай өмірі мен мұрасын тұрақты әрі жүйелі түрде зерттеген ғалым. Абайтану ғылымының қалыптасуында М. Әуезов сіңірген еңбек өте зор. Бала Мұхтар атасы Әуездің жанында жүріп, Абайды бала қалпымен көрген адам. Абай қайтыс болғанда бала Мұхтар алты-жеті жаста болған. Ол тоғыз-он жасында Абай өлеңдерін түгелге жуық жаттап өскен бала. Кейін ер жетіп, қолына қалам алып жазуға кіріскенде, алғаш жазған мақаласы – «Адамдық негізі – әйел» (1917) болса, кейінгі мақаласын (1918) Абай өмірі мен шығармашылығын танытуға арнаған. Жиырмамыншы ғасырдың отызыншы жылдары Абайдың толық шығармалар жинағын дайындап жариялады, ақынның ауқымды ғылыми өмірбаянын жазып бітірді. Ақынның осы өмірбаянын кеңейтіп төрт томнан тұратын «Абай жолы» (1942–1956) роман-эпопеясын жазды. Абайдың өмірі мен шығармашылығын жан-жақты танытқан «Абай Құнанбаев» монографиясын жариялады. Осының бәрі М. Әуезовті – абайтану ғылымының негізін қалаушы орны бөлек бірегей абайтанушы ғалым биігіне көтерді.

Мақалада М. Әуезовтің Абай дүниетанымындағы ең өзекті мәселе – адамгершілік таным негіздерін танытқан еңбегі айқындалған. Оның түйіндеуінше, Абай шығармаларындағы басты мәселе – мораль философиясы мен адамгершілік жайы. М. Мырзахметұлының зерттеулері негізінде ғылым игілігіне айналған Толық адам таным – М. Әуезов тұжырымдаған «Нравственная личность» теориясының заңды жалғасы. Абай шығармалары жайлы М. Әуезов тұжырымдаған ойлардан адамгершілік тақырыбы – төркіні терең таным, ал Абай – адамгершілікті жүйелі жырлаған ақын екені танылады.

**Кілт сөздер:** Абай, өлеңдері, М. Әуезов, монография, адамгершілік, таным, тәрбие, қоғам, мемлекет, игілік.

**M. Alipkhan***Candidate of Philological Sciences, Associate Professor*  
*Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University*  
*(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: maksat.alipkhan@ayu.edu.kz***The Essence of Knowledge and Edification of Abai in the Study of M. Auevov**

**\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Әліпхан М. Абай танымы мен тағылымының өзегі М. Әуезов зерттеуінде // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2022. – №1 (123). – Б. 21–33. <https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.02>

**\*Cite us correctly:**

Alipkhan M. Abai tanymy men tagylymynyn ozegi M. Auevov zertteuinde [The Essence of Knowledge and Edification of Abai in the Study of M. Auevov] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2022. – №1 (123). – B. 21–33. <https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.02>

**Abstract.** The article discusses the personality of M. Auezov, who was at the origins of Abai studies, and his ideas regarding the moral postulates of Abai. M. Auezov is the founder of Abay studies as a science. M. Auezov is a scientist who thoroughly studied the life and heritage of Abay using a systematic approach. M. Auezov made a significant contribution to the development of Abay studies as a science. Mukhtar happened to see Abai as a child, being next to his grandfather Auez. When Abai died, Mukhtar was six or seven years old. At the age of nine or ten, Mukhtar already knew by heart almost all of Abai's poems. The first work that came out from the pen of M. Auezov as a writer was the article – «The basis of humanity is a woman» (1917), his next article (1918) was devoted to the life and work of Abay. In the 30s of the twentieth century, M. Auezov prepared and published the complete works of Abai, completed an extensive scientific biography of the poet. The result of a further in-depth description of Abai's biography was the four-volume epic novel «The Way of Abai» (1942–1956). He published the monograph «Abai Kunanbaev», which comprehensively reflects the life and work of Abai. All this elevated M. Auezov to the heights of a unique Abai scholar, the founder of the science of Abai studies. In the article, the work of M. Auezov is defined as a work that reveals the most important issue in the worldview of Abay – the basis of moral knowledge. The writer comes to the conclusion that the main problem in the work of Abai is the philosophy of morality and morality. The doctrine of the perfect man, which became the property of science on the basis of the research of M. Myrzakhmetov, is a logical continuation of the theory of «Moral Personality», formulated by M. Auezov. From the thoughts of M. Auezov about the work of Abay, it follows that the theme of morality is a thoughtful teaching, and Abay is a poet who sang morality in the system of other knowledge and teachings.

**Keywords:** Abai, poems, M. Auezov, monograph, morality, knowledge, education, society, state, good.

**М. Алипхан**

*кандидат филологических наук, доцент*

*Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави  
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: maksat.alipkhan@ayu.edu.kz*

### **Сущность познания и назиданий Абая в исследовании М. Ауезова**

**Аннотация.** В статье рассматривается личность М. Ауезова, стоявшего у истоков абаеведения, и его идеи относительно нравственных постулатов Абая. М. Ауезов является основоположником абаеведения как науки. М. Ауезов – ученый, который основательно исследовал жизнедеятельность и наследие Абая, используя системный подход. М. Ауезов внес значительный вклад в становление абаеведения как науки. Мухтару привелось видеть Абая еще в детстве, находясь рядом со своим дедом Ауезом. Когда Абай умер, Мухтару было шесть-семь лет. Мухтар в девять-десять лет знал уже наизусть почти все стихи Абая. Первым произведением, вышедшим из-под пера М. Ауезова как писателя, была статья – «Основа человечества – женщина» (1917 г.), следующая его статья (1918 г.) была посвящена жизни и творчеству Абая. В 30-е годы XX века М. Ауезов подготовил и издал полное собрание сочинений Абая, закончил обширную научную биографию поэта. Результатом дальнейшего углубленного описания биографии Абая стал четырехтомный роман-эпопея «Путь Абая» (1942–1956). Им опубликована монография «Абай Кунанбаев», в которой всесторонне отражены жизнь и творчество Абая. Все это возвысило М. Ауезова до высот уникального абаоведа, основоположника науки абаеведения. В статье творчество М. Ауезова определяется как труд, в котором раскрывается важнейший вопрос в мировоззрении Абая – основы нравственного познания. Писатель приходит к выводу, что основной проблемой в творчестве Абая является философия морали и нравственность. Учение о совершенном человеке, ставшее достоянием науки на основе исследований М. Мырзахметова, является

логическим продолжением теории «Нравственная личность», сформулированной М. Ауезовым. Из мыслей М. Ауезова о творчестве Абая следует, что тема нравственности – глубокомысленное учение, а Абай – поэт, воспевавший нравственность в системе других познаний и учений.

**Ключевые слова:** Абай, стихи, М.Ауезов, монография, нравственность, познание, воспитание, общество, государство, благо.

### Кіріспе

Абай жайлы сөз еткенде ойымызға ең әуелі М. Әуезов оралады. Себебі қазақ әдебиеті мен руханиятында Абайды М. Әуезовтен артық білетін адам жоқ. М. Әуезовтің өмірі мен көркемдік және ғылыми шығармашылығы Абаймен тікелей әрі өте тығыз байланысты болып келеді. М. Әуезов – Абай ауылына жақын маңдағы Бөрлі елдімекенінде дүниеге келіп, балалық шағы ақын өмір сүрген табиғат кеңістігі мен әлеуметтік ортада өткен [1, 6–23-бб.]. Атасы Әуез Абаймен замандас, сұхбаттас, дастархандас болған адам. Тіпті Мұхтардай немересін атасы Әуез Абай үйіне алып барып, ақын әңгімесін сүйікті немересіне тыңдатқан да болар. Абай дүниеден өтерге дейін бала Мұхтар алты-жеті жаста еді. Есейіп азамат бола бастағаннан-ақ Мұхтар Әуезов Абай тақырыбына айрықша ден қоя бастаған. Болашақ жазушы әрі ғалымның ең алғашқы туындысы – «Адамдық негізі – әйел» [2, 22–24-бб.] (1917) деген толғанысы болса, кейінгі мақаласы – Ж. Аймауытовпен бірге жазған «Абайдың өнері һәм қызметі» [3, 94–102-бб.] атты еңбегі. Қырық жылдан асатын ғылыми және көркемдік қызметі барысында М. Әуезов Абай өмірі мен мұрасын танып білуге орасан зор үлес қосты. Абайдың төрт нұсқадан тұратын ғылыми өмірбаянын [4] жазды. Қазақ Мемлекеттік университеті қазақ филологиясы мамандығында оқитын студенттерге 1942 жылдан бастап «Абайтану» атты арнайы курстан дәріс оқыды, нәтижесінде дәрістері жинала, толығы келіп, «Абай Құнанбаев» атты ғылыми-зерттеу монографиясына [5] айналды. Төрт кітаптан тұратын «Абай жолы» роман-эпопеясы дүниеге келді. М. Әуезов осылайша абайтану ғылымының негізін қалады. Ақын өмірі мен мұрасын игеруге орасан мол еңбек еткен М. Әуезовтің ғылыми-шығармашылық ізденістері бүгінде әрбір талапкер оқырманға бағыт-бағдар беріп, олар жасар танымның бастауы бола алады.

**Зерттеу әдістері:** М.Әуезовтің Абай туралы басты зерттеуі «Абай Құнанбаев» монографиясындағы ақын өлеңдеріндегі өзекті ой – адамгершілік екенін тұжырымдаған қорытындыларын пайымдау, талдау, түйіндеу.

### Талдау мен нәтижелер

М. Мырзахметұлы зерттеп ғылыми айналымға енгізген Абайдағы толық адам танымын – адамгершілік жайлы өзіндік ілім десек, ақындағы осы адамгершілік тақырыбының айрықша өзекті екенін ең алғаш ғылыми негіздеп танытқан – М. Әуезов. Ол «Абай Құнанбаев» атты зерттеу еңбегінде былай деп жазады: «Ол адамгершілікті, моральдық философияны барлық жайдан жоғары қояды» [5, 179-б.]. Ақын өлеңдері мен қарасөздерін талдап, пайымдап саралау барысында М. Әуезов Абайдағы адамгершілік мәселесіне жиі-жиі соғып отырады. Абай шығармаларында адамгершілік тақырыбының мол орын алатынын М. Әуезов әртүрлі ой-пікір, пайымдауларымен танытып келген. Осы орайда ғалымның мына ойы Абайдағы адамгершілік тақырыбын әсіресе айқындап аша түседі: «...ұстаздық, әлеуметтік талабының түп мақсаты – жеке адамдарды жаманшылықтарынан арылтып, сол арқылы заманындағы қауым-қоғамын және бар халқын түзетіп өзгертпек болады. Қысқасы, нравственная личность мәселесін бар тартысының, талап-арманының тетігі етеді» [5, 182-б.]. Толық адам танымына негіз болған адамгершілік мәселесі Абай мұрасының өзегі мен дінгегі болғанын байқаймыз. М. Әуезов қолданған «Нравственная

личность» ұғым, атауын ғалым М. Мырзахметұлы ғылыми айналымға енгізген «Толық адам» тұлғасымен байланыстыруды әбден қисынды көреміз. Яғни М. Мырзахметұлының ыждахатты де мехнатты ізденісі арқылы ғылыми қауымның игілігіне айналған Толық адам танымының бастауы – ақын дүниетанымына қатысты М. Әуезов қолданған осы «Нравственная личность» ұғымында жатыр.

Ақын жайлы барлық еңбектерінде М. Әуезов Абайдың адамгершілікке қатысты ой-танымын айрықша атаумен болады. Өзі жазған сексен-тоқсан беттен тұратын «Абай өмірбаянынан» бастап-ақ ғалым ақынның балалық, жастық кезінен адамгершілік ұғым, таным, әрекетке бейім болғанын әртүрлі өзіндік бақылау, пайымдауларымен білдіріп отырады. М. Әуезов жазған өмірбаян бойынша, ақын бала кезінен-ақ пайымды, зерек, жақсы адам болып өсуге бейім болған. Мысалы, М. Әуезов Абайдың бала кезін былайша суреттейді: «Кішкене кезінде сырт мінез жағынан аңқау, нанғыш және тентек бала болса керек. Бірақ сол кішкене күнінде өзге балалардан ерекше жері – үйге қонған қонақтардың әлдеқалай айтқан ертегі сияқты әңгімелерін құлай тыңдайды» [5, 34-б.]. Байқағанымыздай, кейін келе адамгершілік жайлы жүйелі жырлай бастаған Абай бала кезінде-ақ зерек, білуге құмар, жақсы болмыстың белгісіндей аңқау, нанғыш болыпты. Өсе келе кейін де ақын адамгершілік жайлы ұғым мен білімге ой, көңіл көзімен қарағыш, назар салғыш болып жүреді. Айналасынан адамгершілік қарым-қатынастарды көргіш келеді, әрнәрсені де адамгершілік тұрғысынан бағалай бастайды: «Басында балалығының арқасында сөзге қорғана кіріскен Абай, аз жылдың ішінде үлкен табыс тапқандай болып, адымын ұлғайта береді. Бірнеше жол көріп, көзі қанған соң «пәлен жақсы, түген жақсы» дегендерінің айламенен, қанауменен қиянат болмаса, өзге жалпы білімге, ақыл шалымға, адамгершілікке татымсыз екенін сезеді» [5, 39-б.]. М. Әуезов жазғандай, Абайдың адамгершілікті бәрінен де жоғары қоятыны сол кезде-ақ байқала бастапты. Адамгершілік – ақынның өмір бойы дәріптеп, насихаттап қана қоймай, өзі де ұстанған айнымас қағидасы болғанын көреміз. Өскен ортасы, жүрген айналасы қу, сұм, қиянатшыл болса да, ақынның өзі бала кезінен-ақ жақсылық пен адалдыққа жақын болған. Абай үшін адамның қасиеті – қара күш, соған негізделген қиянат, зорлық емес, мейірім, рақым, әділет еді. Ол әркезде де әлсіздің жағында болды, зорлықшыға қарсы шықты. Өзі бай, бар ортадан шықса да, сол бай адамдардың байлығына сенген дарақы қалпын аямай сынап, олардың кедейлерге жасаған қиянатына көне алмаған. Көнбек түгілі, қиянат пен қараулық атаулыға бар болмысымен қарсы келіп, оларды аяусыз әшкерелеумен болған: «Абай сол күндегі «жақсы» дегенде ескі бектік, паңдық, қара күш болмаса, нағыз адамгершілік, шын талант қасиет аз екенін әшкерелей бастайды» [5, 41-б.]. Абай қарасөзінде өзі жазғандай, әкесінің баласы – адамның дұшпаны болмай, адамның баласы – бауыры болады [6, 135-б.]. Мұның бәрі де Абайдың бала, жастық шағынан-ақ адамгершілікке көбірек сүйеніп иек артқанын танытады. Абай бәрін де адамгершілік қалып пен қасиеттің өлшемімен таразылайды. Осындай қалпымен оның әкесіне де қарсы келіп қалған кезі болады. Және бұл әрекеті балалық, шалалық, ақылсыздықтан ғана тумай, адамгершілік қасиетті бәрінен де жоғары қойып пір тұтқандығынан болатын. Абай адамгершілік қалып, қасиетті өзінің өмірлік мақсат-мұратына балаған, өмір жолында жақсы адам болуға берік қадам басқан: «Өзі туралы «елге пайдалы, адамгершілігі бар, әділ басшы болсам ғана жақсы адам боламын» деп есептейді» [5, 43-б.]. Ақын осы бір абзал арман-мұратынан өмірінше айнымай өтеді. М. Әуезовтің өзі де Абайдың осы адамгершілік жолды берік ұстанғанын үнемі атап отырады: «Абай елдің ішіндегі әділдікті, тура жолды бағатын кісі болады. Шын ел қамқоры болған адамгершілік, кісілік тұтқасы Абай болады» [5, 50-б.]. Ақын өмірбаянын әңгімелегенде М. Әуезов үнемі Абайдың адамгершілік қасиеттері мен ұстанымына ерекше мән беріп отырады. Шығармаларында адамгершілікті жүйелі насихатаған Абайдың өз өмірімен де адамгершілікті болғанын көреміз. Болмысында болмағанды, қасиетінде жоқты ақынның өзі де айта алмас та, жаза алмас та еді. Ұрпағына бүгінге дейін ақылшы болған Абай көзі тірісінде-ақ қауымы мен айналасына ұстаздық

ойларын аянбай ұсынумен келген. Абайды ұстаз тұтқан Ахмет Байтұрсынов өзін «адамдық диханшысы» деп білсе, ал Абайды адамдықтың бағбанындай, мүсіншісіндей көреміз. Ақын заманындағы көзіқарақты қауым оның сөзі мен өсиетіне иек арту арқылы өздеріне өмірлік бағыт-бағдар тапқан, адамшылық болмыстарын түзеп, жетілдірумен болған. М. Әуезов Абайдың елі үшін жасаған осындай игілікті ықпалын да назардан тыс қалдырмаған: «Абайдың ауылы үлкен білгіштің медресесі сияқты болады. Абай ұстаз да, мұның алдына келген сөз ұғатын талапты жастарының бәрі де – шәкірт. Абай іні, бала, ағайындарына дос, жастарға мағыналы тәрбиеші бола бастайды. Енді осы ұғатын жастарды жаңа жолмен, өзі хиял қылған өнер-білімге, жаңа сапалы адамгершілікке қарай жетектеп, баулығысы келеді» [5, 64-б.]. Міне ақын арманы осындай өрелі де асқақ болғанын байқаймыз. М. Әуезовтің осындағы «жаңа сапалы адамгершілік» деген ой, түйіні кейінгі заманда М. Мырзахметұлы зерттеп ғылыми айналымға енгізген толық адам танымына ұласқан. Жалпы адамгершілік тақырыбы мен танымына қатысты ой, түйіннің бәрі де толық адам ұғымынан ұзап кетпейді. Абайдың да, оның төрт нұсқадан тұратын ғылыми өмірбаянын жазған М. Әуезовтің де назары осы асыл адамгершілік жайына жиі ауып отырады. Содан-ақ адамгершілік мәселесі ақын өмірі мен өнерінің өзегі болғанын болжауға болады. Ақын өмірбаянын оның бала кезінен өмірден өткен шағына шейін жүйелі әңгімелеп жеткізген М. Әуезов Абай өмірінің қайғылы соңғы сәтін сөз еткенде де, Мағауияның мезгілсіз қазасымен байланыстырып, сүйікті баласы ұстанған адамгершілік қалыпты былайша танытады: «Мағауия әке ұғымынша да және өз ортасының бағалауынша да Абайдың барлық баласының ең жақсысы, ең ірісі деп саналған... Елде отырып Европа тәрбиесін алған адамдардай ақыл, мінез, адамшылығы түгелімен мәдениетті кісінің халінде болған» [5, 82-б.]. Байқағанымыздай, Абайдың өмір жолы мен ойлаған ойында адамгершілік әркезде де негізгі өлшем мен басты дінгек болған. Қашанда өз өмірі арқылы адамгершілікті биік қойған Абай өлең, қарасөздерімен де адамгершілікті өз насихатының негізгі арнасы еткен және адамгершілікті өмірінше ықыласпен жүйелі жырлап өткен.

М. Әуезов Абайды жан-жақты танытқан монографиялық еңбегінде ақын өлеңдерін жазылған жылдары бойынша талдайды. Яғни ақын өлеңдерін ең алғаш жазылған «Йузи – рәушаннан» (1858) бастап 1902–1903 жылдардың туындысы «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңіне дейін хронологиялық әдіспен саралап береді. М. Әуезов мұнда да толық адам танымына бастау болар адамгершілік жайлы ойларға көбірек көңіл бөлген. Ақынның 20-25 жасында жазған өлеңі – «Сап-сап, көңілім, сап, көңілім». Бұл өлең – лирикалық кейіпкердің өзі мен өзі қатарлас құрбыларын баянсыз, бағасыз жігітшілік жеңіл жортуылдарынан тыйып, оларға адамшылықты дәріптеген ойларын айтуымен құнды. Жастық, жігіттік шақтағы сүю мен махаббат әрекеттері сүйіскен жастардың жекелік жеңіл сезімдерімен ғана шектелмей, адамдық, азаматтық қасиетпен де қабысып жатса, қадір-қасиеті арта түспек. Абай бұл өлеңінде сол шақтағы өзіндей құрбыларын салиқалы да есті тірлікке шақырады. Өлеңдегі сөйлеуші, өнеге айтушы жастың (ақынның) әрекетінен М. Әуезов жоғары саналы ой-ниетті таниды: «Опасыз жас болмау керек, таңдап сүйген біреуі ғана бар тең сезімге табынған жақсы жастың адамгершілік пен махаббатты қабыстырамын деген ниеті көрінеді» [5, 100-б.]. Өлеңдегі лирикалық кейіпкер өз рахатын көздеп сүюші, қызық қана құған жас емес, ол – жас та болса өз әрекетін ақылмен, адамгершілікпен қабыстыра алатын адам. Жастық шақ пен махаббат сезімінің көбіне өзіндік рахат, қызық, қуанышпен байланысты болатыны бар. Ал ақын өлеңіндегі жас жігіттің жағдайы мен сезімі басқашалау, биіктеу, яғни жеке қызығынан адамшылықты артық санаған қалпымен ізгілеу. Мұны М. Әуезов өзіне тән байқағыштықпен дәл таныған: «Ендігі түсінігі бойынша, махаббат, жастықты сөз қылатын ақын құр құмарлық қызығын шала-шалағай күйде жырламай, адамгершілік тәрбиесін өсіріп, асырғандай, моральдық жоғары дәрежеде түсініп жырласын» [5, 100-б.] дейді. Абай «Йузи – рәушан», «Фзули, Шәмси», «Әлифби» өлеңдерінен кейін таза, анық қазақ тілінде жазылған осы алғашқы өлеңімен-ақ өзінің адамгершілік ұстанымын таныта бастаған. Отау құрып үй

болуды ойлаған жігітке ең әуелі қыздың қалың малын беріп, болашақ жарын көркі мен тегіне қарай таңдап, оны толық танып табысуын кеңес етеді. М. Әуезовтің ақын өлеңіне берген бұл бағасы мен пікірі өте тапқыр айтылған. «Сап-сап, көңілім, сап, көңілім» өлеңінде айтылған оқиға, әрекеттер мен ақыл-кеңестер жастарды өз махаббаттарын мәнді де адамгершілікті етуге үйретеді.

М.Әуезов әр қилы тақырыпта жазылған ақын өлеңдерін ой-пікір, идея, көркемдігі жағынан талдай келіп, «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңін саралаған тұста елеулі пікір ұсынған: «Бұл шығарма енді халықтың адамгершілік, ағартушылық жөнінде үлкен қияға қарай жол тартқан жаңа ақынның ашық бейнесін көрсете бастайды» [5, 110-б.]. Абай бұған дейін ғашықтық, сұлулық, аңшылық тақырыбындағы өлеңдерін жазып келіп еді. Ал аталған бұл өлеңінде ғылым жайлы жаңа ойын айтқан. Сауатсыздық жайлап, оқу-білімнен сырт қалған ел ішінде ғылым табуды сөз етіп насихаттау үлкен жетістік болатын. Және де ғылымды ұрпақ қамы мен ел болашағы, халық пайдасы тұрғысынан жырлап, адамгершілікті өсіріп танытар ойларын айтады. Әлеумет пен ел, келер ұрпақтың қамы, адамдық белгісі, ғылым жайы – бәрі де адамгершілікті жасаушы және адамгершілікке ұласар ұғымдар. Ғылымның өзі де – адамдық, ал оның қадір-қасиетін шынайы танып-білу мен сезіну – адамдықтың жетіліп өсуі. Кісінің өзіне қалағанды өзгеге де болсын деп тілей алуы – зор қайырымдылық. Ең бастысы, Абай өз өлеңінде ең орынды және өте дұрыс мақсат қояды:

Баламды медресеге біл деп бердім,  
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім [7, 22-б.].

Мұнда ақын қарасөзінде кейіндеу таратылып сөз болатын ғылымнан келер пайданы көздеп емес, оның өзін сүю әрекеті бар, жалғыз ғана «білсем» деген айқын мақсат бар, бағасыз, баянсыз бос қызықтан бас тарту бар, өзінің адамдық, азаматтық болмыс жағынан толысып өскендігін сезіну, онысын орынды мойындап білу бар.

М. Әуезов ендігі кезекте ақынның адамгершілікке жанасатын ойларын оның «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін талдаған тұсында тұжырымдап береді. Атап айтарлық жай – М. Әуезов ақынның бұл өлеңін айрықша жоғары бағалап, ол жайлы «ел ішіндегі жас желеңге Абайдың әсіресе көп ой қорытып айтқан мағыналы және програмдық бір өлеңі осы деуге болады» [5, 121-б.] деп салиқалы пікір білдіреді. Ақын бұл өлеңінде ғылымды насихаттайды, анығырақ айтар болсақ, ғылымды насихаттағандай болып көрінеді. Шындығы да солай. Тек бүгінгі оқырманға бөлектеу көрінетін ғылым мен адамдық Абай ұғымында бір нәрсе. 38-сөзінде ғылым жайлы ақынның былай деп жазатыны бар: «Ғылым – алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр» [6, 137-б.]. Яғни ғылымды насихаттау – түптеп келгенде адамдық пен адамгершілікті насихаттау болып шығатынын ұғамыз. Оның үстіне бұл өлең абайтанушы М. Мырзахметұлының жазғанындай, ғылым жайын айта отырып «адам болам десеңіз», яғни адам болу шарттарын сөз етеді. Жақсыны көріп, оған ұмтылу, жаманнан қашып, одан жирену – тамыры терең тәрбие саласының қашанғы қалыпты, үйреншікті жолы. Мұндай екі түрлі әрекеттің адамгершілік жағынан жетілуде айрықша міндетті болар белестер екенін білген жөн. Абайдың өзі де кейінгі ой қорытуларында жақсыға жету жолында әуелі жаманның залалын жоюды үнемі айқындап айтумен болады. Мысалы «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде иманның асылы – Алланы, адамзатты және әділетті сүюді үлгі-өнеге етумен бірге, бұларға бағытталған дұрыс беталысты бұзатын пайда, мақтан, әуесқойдан сақтандыруды да ұмытпайды. Сондай-ақ 38-қарасөзінде Алла, әлем, адам, иман жайынан кең толғап келіп, осылардан шығарып түйіндеген жәуанмәртлік ілімі – ақыл, әділет, рақым қасиеттері арқылы адам болмысын абзал, асыл ететінін түйіндейді де, артынша осындай асыл жолда зияны тиер надандық, еріншектік, залымдық атты үш кеселді де айтып өтеді. Және Абай әр-әр тұста «көкіректі тазалау керек» деген қағидалы кеңесін айтып отыруды да ұмытпайды. Мұның бәрі де екі

жақты (рухани, тәни) қоспа саналатын адам болмысындағының баршасы сәйкесінше қос сипатты болып келетінін ескергендік, білгендік болады. Яғни «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде айтылғандай, өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ секілді бес дұшпаннан құтылмай, арылмай тұрып, талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым атты бес асыл қасиетті ділге дарытып баянды ету қиын әрі жартыкеш болады. Бұдан өзге де адам болу шарттары бұл өлеңде «адам болам десеңіз» деген арнайы мақсатпен жырланған.

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде ғалым болу мен адам болу бір-бірімен тығыз қабысып, терең сабақтаса жырланған. «Хауаси хамса заһири» – сыртқы бес сезім мүшесін, естіген нәрсені ұмытпау, есті болу, ғылым-білім үйренудің шарттарын, жан құмары, жан қуаттарын ақын болудың үстіне ғылым адамы ретінде де тереңдеп танытатын Абай ғылым мен адамдықты төркіні бір туыс, ортақ ұғымдар деп қарайды. Мысалы, «махаббат – әуел адамның адамдығы, ғақыл, ғылым деген нәрселербірлән» [6, 136-б.], «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады» [6, 136-б.], «Ғылым – алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр» [6, 137-б.], «Бұл ғаделет, махаббат сезім кімде көбірек болса, ол кісі ғалым, сол – ғақыл» [6, 164-б.] деген секілді ой-пікірлерімен Абай ғылым мен адамдықтың өзара тығыз табысып, бекем байланған байланысын байқатып отырады. М. Әуезов те Абай ойының үстінен түскендей, жас адамның ғылымды меңгеруін оның адам болуымен сабақтастырады: «...ғылым тапқан жас болса, ірі адамгершілікке ие болсын, азамат деп айтарлық ар иесі болсын. Ол – шын мағынадағы қасиетке жетуге талпыну керек. Сондықтан ойы жетіп, адамдығы өскен жас өзінің досы деп бес асылды таңдасын дейді... арлы адамгершіліктің сипаттарын санайды» [5, 122-б.]. М. Әуезов Абайдың өз өлеңін «Ғылым таппай мақтанба» деп бастай отырып, негізінде «адам болам десеңіз» деген мақсатты көздегенін өте орынды аңғарған, әрі осы орайдағы ойларын да адамгершілік тұрғысынан танытқан. Шындап келгенде бұл өлеңдегі ақынның басты мақсаты – жастарға адам болу мен адамгершілік сырын танытып, сол жолға салып жіберу болған:

Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол –  
Адам болам десеңіз [7, 41-б.].

Өлеңдегі өзге ақыл-кеңестің бәрі де осы түбірлі ойды жүзеге асырудың амалдары түрінде келеді. Ақынның Ғұламаһи Дауаниден оқып тапқан әрі қазақ жастарына жеткізбек болған басты ой қазынасы да – өсер-өнер ұрпағын «бес дұшпаннан» қашық етіп, «бес асыл іске» асық ету, іңкәр ету. Бұл – адамгершілік жағынан жетілу мен кемелдену ілімінде орындалуы шарт саналатын екі міндетті белес пен талап.

Ақынның осы өлеңінде адам болу жолында әсіресе ғылым мен ақыл жайын қайталай түсіп, бекіте беруі де орынды әрі қисынды. Абай мұны кейінгі өлеңдері мен қарасөздеріндегі хауас ілімі, таным сыры жайлы айтқан ойларымен нақтылап, шегелей түседі. Дүниеге келген баланың ең әуелі тән саулығы мен хауас салим, хауаси хамса заһири, одан әрі жақсы ата-ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаз арқылы арналы айқын жолға түсіп, түрлі ғылым салалары арқылы хақиқатқа – адамдыққа бет алу әрекетін Абай барша шығармашылығымен ізерлей танытқан. Асыл мұрат, зор мақсат – хақ жолы – адамдыққа бет алу әрекеті ең әуелі «жан тамағын» адамның ішкі әлеміне бастап апарар «бес есік» – бес сезім мүшесі арқылы түйсік түрінде көкірек, көңіл, ішке еніп, одан әрі ес, болжау, қиялдау, ойлау, ақылға айналып, одан да әрі адамдық, хақиқат, хаққа қарай биіктеп кемелдене береді. Байқасақ, адамдыққа жетуде білім-ғылым мен ақылдың алар орны орасан зор екен. «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде Абай «жүректің ақыл суаты» дегенде, хақ саналар Аллаға, яғни ақиқат пен адамдыққа бастайтын жүрекке – ақыл ақиқатты танытар суат ретінде қызмет етеді деген ойды аңғартады. Ақылсыз тану жоқ, танусыз сүю де болмайды: «...бәлкі сұңғатынан себебін білмекке құмарлықтан

саниғна ғашықтық шығар. Құдай тағаланың затына пендесінің ақылы жетпесе, дәл сондай ғашықпын демек те орынсыз» [6, 197-б.]. Абайдың өз өлеңін ғылым жайынан бастап, ақыл мен «ақыл – мизан өлшеу қыл» туралы көп айтуының осындай сыры бар. Абай «зерек ақылды» – «әуелде бір суық мұз» деп, әрі жаманның да іздегенін тауып беретін ақыл әрекетіне көңілі толмай қарауының сыртында ақылдың осындай теңдесі жоқ тану, мизан, таразы болу сипатын мойындау да бар. Өлең мазмұнынан осындай терең ой астарлары танылып тұрады. Абайдың осы өлеңі жайлы М. Әуезовтің «ой жағынан көрнекті біреуі», «әсіресе көп ой қорытып айтқан мағыналы және програмдық бір өлеңі» деп түйін жасауы тегін емес екен. Әрі өлеңде айтылған түпкі ойды адамгершілікпен қабыстыра таныту – М. Әуезов ойының көрегендігін көрсетеді. Ғалымның жол-жөнекей айтыла салғандай көрінетін ағымдағы ойлары да қорғасындай салмақты болып келеді. Мысалы, ақынның «Интернатта оқып жүр» өлеңінің жас жеткіншек оқушылар тобына, ал «Ғылым таппай мақтанба» шығармасының ақын өзі үміт еткен өскелең ойлы жасқа арналатынын айтуы да М. Әуезовтің білгірлігін аңғартады.

М. Әуезов – Абай өлеңдерін жазылған жылдары бойынша рет-ретімен талдайтыны жоғарыда айтылды, енді сол талдауының барысында ғалым Абайдың әр өлеңі арқылы тақырып пен ой, идея мен ақындық шеберлік, көркемдік қырлары жағынан қаншалық өсе түсіп еңбек ете алғанын ізерлей танытады. Сонда М. Әуезов Абай өлеңдерінде қоғамдық мін мен кемшіліктерді сынаған сарынның соншалық мол ұшырайтынын жиі айтады. Абайдың жаңашыл, реалист ақын болумен бірге, ауыз толтырып айтарлықтай сыншыл ақын атануы тегін емес. Абай – мәселе мен құбылысты көріп-білуі мен тануы, мақсат-мұраты мен ойы жөнінен мейлінше биіктеп кеткен ойшыл тұлға. Ойы мен танымы тереңдеп, ортасынан да озғындап кеткен тұлғаның адам мен заман, күллі қоғам бойынан көп кемшіліктер тауып, танып көруі қалыпты жағдай. Содан да Абай шығармаларында осы қоғамдық кемшілік пен мінездегі мол мінді әшкерелеген, сынаған туындылар басым болып келеді. Осы орайда М. Әуезов шегініс жасап, біраз келелі түйіндеулерін айтады. Абай ақындығының ерекшелігін тануда бұл түйіндеулердің берері мен пайдасы аса зор. Абай «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңінде «сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» дегенінде, өзінің бұрынғы ақын, айтушылардай емес, ақыл-ой, танымы, мақсат-мұраты бөлекше биіктеп кеткен ақын екенін білуі бар. Әрі ақынның мақсат-мұраты да айналасындағы тыңдаушы қауым мен жалпы қазақ қоғамын білім-ғылым, ақыл-ой, әсіресе адамгершілік биігіне тарту болды. Осы жолда ақын «әрбір көркем терең ойлы шығармасын әлеуметтік тартыстың үлкен бір құралы» [5, 111-б.] есебінде қараған. Сол құралының (өлең, қарасөзінің) қызметін М. Әуезов былайша терең толғанып танытады: «Өзінің ендігі сөзі қоғамды, халықты түзейтін үлкен күш деп түсінді. Әсиет өлең халық дертінің, тарих қайшылықтарының бәрін емдеп, тазартатын өзгеше құрал деп біледі. Ал Абайдың үгіттейтіні зор адамгершілік пен халықшыл тазалық жолдар болғандықтан, өз заманындағы барлық мінді, сорақылықты сол тура жолдағы жақсы өлең-әсиетпен түгел жойып, жоғалтуға болады деп иланады» [5, 131-б.]. Ғалымның осы пікірінен Абайдың басты мақсаты аңғарылады, ол – «зор адамгершілік пен халықшыл тазалық жолдар». Байыптап байқасақ, Абай тамыры тереңде жатқан дәстүрлі адамгершілік ілімінің қағидалы жолын ұстанушы, насихаттаушы екен. Ол бұрынырақта (1886) жазған «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде-ақ «адам болудың шарты – «бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» екенін түйіндеп айтқан еді. Мұның өрісін өсіре түсіп таныр болсақ, қашық болатын бес нәрсе – өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақтан бөлек «өз заманындағы барлық мін мен сорақылықтар» да, асыл болатын бес нәрсе – талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақыммен бірге – «зор адамгершілік пен барша халықшыл тазалық жолдар». Ақынның мұраты - қауымын жаманшылықтан арылтып, жақсылыққа жақындату, яғни адамгершілікке тәрбиелеу. М. Әуезов жазғандай, Абай «адамгершілік, ар, ақтық деген сияқты қасиеттерді тәрбиемен көпке жайса, өмір де, қоғам да, халық тағдыры да өзгеріп, түзеліп кететіндей көреді» [5, 131-б.]. М. Әуезов адамзат қоғамының болмысы мен даму



зандылығын, өзіндік ерекшелігін сұңғылалықпен тани алған ғұлама. Жоғарыда айтылғандай Абай ойлаған ой М. Әуезовтің пікірінше, бүкіл дүние ақындары мен ойшылдарының және бұрынғы орыс классиктерінің, әлеумет қайраткерлерінің де, бәрінің басынан кешкен ортақ жәй [5, 131-б.]. Демек қоғамды адамгершілікті насихаттау арқылы жөндемек болған Абай ниеті мен әрекеті философ Қ. Бейсембиев жазып кеткендей, ақынға қатысты зор кемшілік емес екен, әрі Абай түйген пайым – барша озық ойлы саңлақтардың ұстанған қалыпты жолы екен. М.Әуезов түйіндеп жазғандай, «адам баласындағы ұждан, орысша айтқанда, нравственность мәселесі орнына келіп, толып жетсе, сонымен қауым, қоғам тірлігі, тарихы өзгеріп, жақсы боп кетеді деген ойды бұрынғы идеалистік жолдағы ойшылдар мен қайраткерлердің бәрі де ойлаған. Адамгершілік түзелумен тарих түзеледі деген көзқарас Маркске шейінгі дүние жүзілік ұлы адамдардың бәрі де ден қойған шешім болатын [5, 131-б.]. Абай да осы ойшылдардың қатарынан табылып, өз қауымын адамгершілікті жырлап насихаттау арқылы жөндемек болған. М. Әуезовтің осы пікірі Абайды тек бірыңғай адамгершілікті ғана жырлаумен болып, қоғамдық прогрестің нақты жолын ұсына алмады деп кінәлаушыларға қарсы айтылған дәлелді жауап, орынды уәж болуға жарайды. Абайдың өмір сүрген ортасы мен заманы өз қауымын нақты әрекет пен қарулы көтеріліске бастайтындай жағдайда емес еді. Абайға өзі өмір сүрген нақты тарихи-әлеуметтік, саяси-экономикалық жағдайында мүмкін емес талапты қою – зорлық әрі білместік болады. Бұл – кеңесшіл, саясатшыл Қ. Бейсембиев секілді ғалымдардың пікіріне қатысты айтылған ой. Абай ұстанған бағыт, яғни адамгершілікті дәріптей жырлау жолы бұрынғы-соңғы ой-таным тарихында ең берісі К. Маркс ашқан экономикалық жаңалыққа дейін өзекті де орынды болғаны байқалады. Яғни К. Маркс қана экономикалық болмысының негізі, қалыбы өзгермей, қоғамдық салт-сананың күйлердің өзгеріп, толмайтынын ашып берген [5, 131-б.]. Экономика ғылымның танытуы бойынша, қандай да бір өнім – өндіріс құралдары мен өндіріс күштерінің қатынасы арқылы пайда болады. Яғни еңбек етуші күш өндіріс заттары мен өндіріс құралдарын пайдалану арқылы өнім жасап шығарады. Ақын қисыны бойынша, еңбек етуші адам өзі тікелей әрі табиғи жағдайда қарым-қатынас жасап, байланыста болатын еңбек заттары мен еңбек құралдарына қожалық етуі тиіс әрі жасалған игілікке де иелігі басым болуға лайық. Алайда шынайы өмірде бұл басқаша болып келді, яғни өнім жасауға негіз болатын жер мен өндіріс заттары, завод, фабрикалар еңбек етуші шаруа мен жұмысшының иелігінде болмай, құл иеленуші, помещик пен капиталистің меншігінде болды. Ақын ойы мен қисыны бойынша айқындалған әділет осылайша бұрмаланды. Өндіріс заттары мен құралдарына осылайша еңбексіз түрде иелік жасап меншікті ету жағдайы талай әлеуметтік теңсіздік пен қиянаттың бастауына айналды. Л. Толстой «Так что же нам делать?» деп аталатын көлемді трактатында былай деп жазыпты: «Прежде пользовались трудом других прямо насилем, рабством; в наше время и в нашем мире это делается посредством собственности. Собственность в наше время есть и источник страданий людей, имеющих или лишенных ее, и укоров совести людей, злоупотребляющих ею, и опасности за столкновение между имеющими избыток ее и лишенными ее. И собственность есть в наше время то самое, на что направлена почти вся деятельность нашего современного общества, то, что руководит почти всей деятельностью нашего мира. Государства – правительства интригуют и воюют из-за собственности: берегов Рейна, земли в Африке, в Китае, земли на Балканском полуострове. Банкиры, торговцы, фабриканты, землевладельцы трудятся, хитрят, мучаются и мучают из-за собственности; чиновники, ремесленники, землевладельцы бьются, обманывают, угнетают, страдают из-за собственности; суды, полиция охраняют собственность. Собственность есть корень всего зла; распределением, обеспечением собственности занят почти весь мир. ...собственность есть только средство пользования трудом других [8, 312–313-бб.]. Л. Толстой залалы мен кеселін осылайша тарата айтқан жеке меншік – әсіресе шаруашылық пен экономикаға қатысты көрінетін ұғым мен тетік. Материалдық заттар мен тұрмысқа тәуелді болып, соларға бекем байланған өмір, сана мен мінез-құлық – қанау мен қиянатқа

бастау болатын экономика болмысының жеке меншік негізіне сүйенген жүйесімен жалғаса жүріп бұзыла береді. Өндіріс заттары мен құралдарының, сондай-ақ өнімнің шын иесі болуға лайық әрі тиісті еңбектенуші адам жеке меншікке сүйенген экономикалық жүйенің кемшілігі мен кесірінен анық, айқын әділетсіздік пен теңсіздікке ұшырап сыртта қала береді де, адал еңбегінің жемісін көре алмайды. Және мұндай жүйе мен жағдайда түрлі арамтамақ, паразиттер пайда бола кетіп, олар қоғамдағы қиянатты еселеп көбейте түседі. Ал қиянаттың зияны мен залалын Абай қанын ағыза отырып әбден әшкерелеп берген: «Бұл қиянатшылар – жарым адам, жарым молла, жарым мұсылман. Олардың адамшылығының кәмәлат таппағы – қиынның қиыны. Себебі алла тағала өзі – хақиқат жолы. Хақиқат бірлән растық – қиянаттың дұшпаны...» [6, 137-б.]. Қиянатшылдықтың кеселді залалын «Қайырымды қала» жайлы трактатында Әл-Фараби бабамыз да ашына ызаланып жазғаны бар [9, 280–281-бб.]. Қоғам мен ондағы саяси-экономикалық жүйе және биліктегі қиянат пен әділетсіздікті жақтаушы барша қалып пен тәртіп бірігіп алып тастүйін болып тұрғанда, Абай мұндай зор құрылымды өзінің рухани тұлға, ақын ғана болған жағдайы мен мүмкіндігінің шектеулі қалпында қалай жөндей алсын. Содан да бұрынғы-соңғы барша ойшылдар жүрген жолменен Абай да «адамгершілік түзелумен тарих та түзеледі деген көзқараста» болған. Және ақынның бұл ұстанымы мен әрекеті – қалыптасқан жағдайдағы өте өнімді де жауынгер жол болған. Саяси-экономикалық салаға тікелей қатысы жоқ рухани тұлға саналатын ақында өз ақыл-ойы арқылы жеткен игілікті арманын шындыққа айналдырып өмірлі етіп аларлықтай күш-қуат пен мүмкіндік болмаған, «әркімді заман сүйремек, заманды қай жан билемек» деп өзі түйген қағидаға ақын амалсыз көнген. Жоғарыда келтірілген ой-толғау, түйіндеуімен М. Әуезов Абайды әсіре қызыл, асыра сілтегіш кейбір ғалымдардың әділетсіз сынынан арашалап алғандай көрінеді. Адамгершілік қалыпты жетілдіру жолы арқылы қоғамды өркендетіп өзгертуді ойлағандар тарихта аз болмаған, Абай да сол қатар, сол топта болып әлеуметтік күреске түскен, өзіне лайық ақындық, ұстаздық қызметін атқарған. Ал қоғамды нақты әрекет пен қарулы көтеріліс арқылы өзгертпек болғандар өте сирек және олар үнемі жеңіске жете бермеген. Оның үстіне адамгершілікті насихаттаған ойшылдар қиянатпен астасып кететін қарулы көтерілісті ақылға қонымды көрмеген. Міне осындай жағдайда Абай ұстанған жол – нағыз тура, әбден оңды жол демеске лаж жоқ. М. Әуезов жазғандай, Абай «өзінің барлық шыншыл, әділетшіл қажырлы еңбегімен, өлең ұстаздығымен заманын түзеп алады екенмін деп түсінеді» [5, 132-б.]. М. Әуезов – ақын ұстанған жолды терістемейді, қайта қолдаған кейіп танытады. Ол Абайды «өз еңбегін сондайлық ұлы жолдағы үлкен адам мүддесі бар, ерекше еңбек деп түсінген» [5, 132-б.] адам деп біледі. Абай «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңінде айтылғандай, «байшыл, әкімшіл, жағымпаз, сұрамсақ, тілемсек ақын болмады, қайта қара қылды қақ бөлетін әрі әділі мен ақиқатын айтатын шыншыл да ойшыл ақын болған».

М. Әуезов – шын мәнінде ғұлама ғалым. Ол тұжырымдап, түйіндеп берген ой-пікірлер мейлінше шынайы әрі мәселенің мәні мен байыбын барынша терең танытады. Сөйте тұра М. Әуезов те кейде Абайға қатысты қатал пікір білдіріп қоятыны бар. Мысалы, 1889 жылы жазылған «Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай» өлеңін ой-пікір, идея, салт-саналық жағынан соншалық тапқыр талдай келіп, Абайға кінә тағып өтетін тұсы бар. Абайдың өлең соңындағы «...Бір қыс сақта, тас болма сен де о құрлы» деген бейбіт бітім сөзіне М. Әуезов «кедейге сол ауыртпалық халден шығар жолын атай алмайды» [5, 152-б.] дейді. Біздіңше, бұл – ақынның өмір сүрген жағдайы мен ортасын, заманы мен жүйесін ескермей, Абайға қатысты айтылған артық талаптай көрінеді. Дәл Абай өлеңінде айтылғандай «көңін әрең сүйреп жүрген кедей байғұс» жағдайын жөндеу жолында не жасай алар еді? Абай түгілі, М. Әуезовтің өзі де заманы мен жағдайы, сол кезеңдегі жүйеге байланысты тілін тістеумен жүріп, ішкі шын ойын ашып айта алмаған болар я ішіндегісін түрлі амал, тәсілмен жеткізбек болғаны әрекеті шығар. «Тас түскен жеріне ауыр» деген сөздің мәні терең ғой, сырттан бақылағандар тас ауырлығы мен зардабын өз басынан кешкендей анық ақиқат қалпында тани

алмаса керек. Біздіңше, Абай – өзінің азаматтық, адамдық, ақындық, ойшылдық міндетін асыра орындап өткен тұлға. Мүмкін М. Әуезов Абайға қатысты ащылау, артықтау сынды заманының жағдайына бейімделіп, кезең идеологиясына икемделіп амалсыз айтқан да болар. Онысын артынша Абайды түсіне қараған ойынан байқауға болады: «...Абай өзінің заманында еңбекші елдің тартысы қалай болу керек екенін атап бере алмады. Оның тарихтық, таптық тұрғыдан қарағанда, тар көлемді болған болмыс шындыққа байланысты екендігі түсінікті... Әрине, Абай ол заманда жаңағы оның озғындап жеткен жерінен артықты талап ету мүмкін де емес» [5, 152-б.]. М. Әуезовтің осы бір түйінді пікірін Абайды танудағы өте озық ой деп білеміз. Әйтпесе философ ғалым Қ. Бейсембиевтің Абайды талай тұста жазықсыз кінәлап, ақын жеткен биіктікті лайығынша бағаламай қомсынғаны да болған. Ол ғалымдар заманы мен жүйесінің жаршысы болса, М. Әуезов қай заманда да ақиқатын айтатын айқын ойлы, санасы сергек ғалым еді.

М. Әуезов Абайға арналған монографиясын талай жылдар толғанып, ойланып келіп, әбден негіздеп, ой-пікірлерін шындық шыңына жеткізіп айтқаны көрінеді. Ғалымның Абай жайлы монографиясын оның желілі де жүйелі ойынан ажырап қалмай оқи келе, кейбір келелі ойлары тұсында өзіміз де ой салысып өтсек артық болмас. Мысалы, ғалым Абайдың «Бай сейілді» өлеңін салт-саналық тұрғыдан пайымдай келіп, ақынның «бейілі дұрыс, момын байларға» бүйрегі бұра сөйлейтініне көңілі толмайды, тіпті оны «айқын тұрған қайшылық» [5, 150-б.] деп бағалайды. Абай заманы мен біз өмір сүріп отырған кезеңнің арасында әжептәуір ұқсастық бар. Біздердің соңғы кездерде Абайға көбірек көңіл бөлгіш болып кетуіміздің орайлы жөні бар. Себебі Абай мінеп-сынап, әшкерелей жырлаған өмір шындығы мен заман жайы, ондағы адам болмысы мен мінезінің кемшілігі біздің заманға да ортақ. Өйткені өмір сүрген ортамыз бен жағдай, жүйеміз ұқсас, тіпті бірдей. Абай заманындағыдай біздер де тұрмыс-тірлік пен өмір шындығына капиталистік қарым-қатынастар ене бастаған кезеңде өмір сүрудеміз. Екі кезеңнің мазмұны ортақ болса да, айырмашылығы – Абай заманының жүйелі де табиғи, тарихи эволюциялық жолмен келіп, ал біздікі бір кезде еріксіз тастап, аттап кетіп, жетпіс жылдық социалистік жүйеден кейін қайта құрудың жетегімен, әрі биліктің де ықпалымен кері қайтып, Абай заманындағыдай капитализммен қайта қауышуымызда болып тұр. Ақша мен товар, пайда мен бәсеке, амал-айла мен затшылдық үстемдік еткен заманда Абай айтқан мына сөз бізге де біршама қатысты көрінеді:

Ақылды деп, арлы деп, ақ пейіл деп,  
Мақтамайды ешкімді бұл күнде көп [7, 198-б.]

Әлеумет пен бұқара халықтың қамын жеуді өзінің атауымен-ақ танытып тұратын социалистік жүйеде жүрсек, ақын ойын түсіне алмай, «мұнысы несі екен» деп қалар едік. Әрі Абайдың: «...бір қыс сақта, тас болма сен де о құрлы» деп, байды қайырымға шақырып, бай мен кедейдің екі арасына бітімші болуын да мүмкін еместей көрер едік. Енді өзіміз де капиталистік қарым-қатынастың ішіне етене еніп кетіп, кітаптағы емес, шын, тірі байларды көріп ойымызда өзгеріс пайда болғандай. Бұлайша ой өрбітуімізге М. Әуезовтің байлар жайлы мына түйіндеуі түрткі болғандай: «халыққа оларды қас етіп отырған жеке бастарының мінездері ғана емес, байлыққа сүйенген үстемдік пен қанаушылық емес пе?» [5, 154-б.]. Өте орынды айтылған тапқыр түйін! Дүние-байлық біткен адамдардың болмысы соншалық нашар, жексұрын болмауы әбден мүмкін. Бірақ бірте-бірте біте бастаған сол байлық немесе аз күнде «құдай бере салған» дүние-байлық адам болмысы мен мінезін тасты тескен тамшыдай біртіндеп бұза бастайды. Абай мұны былайша танытады: «ол мал көбейсе малшыларға бақтырмақ, өздері етке, қымызға тойып, сұлуды жайлап, жүйрікті байлап отырмақ. Қыстауы тарлық қылса, арызы жеткендік, сыйы өткендік, барлық қызметімен біреудің қыстауын сатып алмақ, ептеп алмақ, тартып алмақ» [6, 97–98-бб.]. Міне, дүние-байлық біткен адамның негізі мен тіні шала, тегі төмен, ақылы мен қасиеті кем болса,

осылайша байлыққа кенелген болмысымен өзгелерге «үстемдік пен қанаушылық» жасауға бой алдыра бастайды. Бұл Абай айтқандай, әрі бұрынғы-соңғы ойшылдар да түйіндегендей, адам жаратылысының екі жақты қоспа болмысы мен тән құмарын артық көріп, өзімшіл болған пиғылына байланысты пайда болатын кемшілік. Күллі көпшілік, әсіресе тән мен жанның жайлы күйі мен рахатын сезініп, соған бауыр басып қалған байлар жеткен байлығы арқылы «шыққан шыңынан» түскісі келмей, әділет пен ақылдың талабын орындай бермейді. Жағдайы мен мүмкіндігінің үнемі бар, бай болып, сол байлығы таусылмай, үздіксіз көбейе беруін қалайды. Адамзаттық, халықтық өре мен мүдде санаулы саңлақтарда ғана ұшырайды. Будда, Конфуций, Иса, Мұхаммед пайғамбар, Толстой секілді санаулы ғана саңлақтар - өзімшіл, пенде, ақылсыз, әділетсіз адамзатқа қалайша жаппай жол бола алсын. Оған үстем топ пен қанаушылар қауымы жол да бермес. Шоқан, Абай, Мағжан, М. Әуезов секілді бар, бай ортадан шығып, әрі өздері бар, бай бола жүріп жәбір көрген мұқтаж кедейдің, еңбекші елдің мүддесін биік, жоғары қоятындар өмірде кемде-кем. М. Әуезов Абайды «Бай сейілді» өлеңі арқылы сынап отырып, өзі де барларды, байларды Абайша «түсінген», «мойындаған» кейіп танытады. Яғни М. Әуезов жазғандай, байларды халыққа жағымсыз, қас етіп көрсететін олардың жеке бастарының мінездері ғана емес, байлыққа сүйенген үстемдік, қанаушылық [5, 154-б.] қалпы. Адамдарды, оның ішінде әсіресе байларды осылайша «ақтап алуға» болар. Әйтсе де Л. Толстой, Абай, Шәкәрімдер тірек еткен әділет пен ақылға сүйеніп өмір сүрер болса, жалпы адам баласы да, оның ішінде байлар да жексұрын, жеккөрінішті болмас еді. Өз басымыз Абайды қолдап, «малға дос» надан байлардың арасында да «бейілі дұрыс, момын байлар», қиянаты кем, қайырымы бар байлар да ұшырайтынын мойындаймыз. Барлық пен байлық – жақсылық, егер олар ізгілік пен игілікке қызмет етер болса, бай болудың еш айыбы жоқ демекпіз. Әр нәрсенің де жәй көз бен үстірт өреге байқала бермейтін нәзік, шетін шындық, асыл ақиқатын М. Әуезовше тани білгенге не жетсін.

### Қорытынды

Қорыта айтқанда, М. Әуезов – Абайды бала кезінен-ақ ерте тануға мүмкіндігі болған жан. Оның ақыл-ойы толысып, алғаш жазған мақаласы да Абайға арналған. Абайдың өзін көріп, онымен жақын жүріп таныс болған адамдардың айтуымен ақынның ғылыми өмірбаянын жазып алған да – М. Әуезов. Ақын шығармаларының санын арттырып, сапасын да жетілдірген, сөйтіп ақынның толық шығармалар жинағын дайындаған да – М. Әуезов. Абай өмірі мен мұрасын терең де толық танытып, «Абай жолы» роман-эпопеясы мен «Абай Құнанбаев» монографиясын жазып жариялаған да – М. Әуезов. Және ең бастысы, М. Әуезов – Абайдағы адамгершілік танымның өзегі мен бастауын айқындап берген ғұлама ғалым. М. Әуезов абайтануының ізімен ақындағы өзіндік адамгершілік ілім – Толық адам танымын мән-мазмұны, төркін-тегі, желілі жүйесімен жан-жақты танытқан абайтанушы ғалым М. Мырзахметұлының іргелі зерттеуі [10] дүниеге келді. Ендігі міндет – Абай жырлап насихаттаған адамгершілік ілім – Толық адам танымын ел игілігіне айналдырып, мемлекетімізді мықты да қуатты, қазақ қоғамын қайырымды да құтты ету.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мұхтар Әуезов туралы естеліктер. – Алматы: Жазушы, 1997. – 608 б.
2. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. I том. Мақалалар, пьесалар. 1917–1920. – Алматы: Дәуір, Жібек жолы, 2014. – 464 б.
3. Аймауытов Ж., Әуезов М. Абайдың өнері һәм қызметі. Абайды оқы, таңырқа... / Құрастырған, алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған М.Мырзахметов. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.
4. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. – Алматы: Санат, 1997. – 416 б.

5. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. XX том. Монография, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 496 б.
6. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. II том. – Алматы: Жазушы, 1986. – 200 б.
7. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Жазушы, 1986. – 304 б.
8. Толстой Л. Не могу молчать. – Москва: Советская Россия, 1985. – 528 с.
9. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы: Ғылым, 1973. – 489 б.
10. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 296 б.

### REFERENCES

1. Muhtar Auezov turaly estelikter [Memories of Mukhtar Auezov]. – Almaty: Zhazushy, 1997. – 608 b. [in Kazakh]
2. Auezov M. Shygarmalarynyn elu tomdyq tolyq zhinagy I tom. Maqalalar, p'esalar. 1917–1920. [Complete collection of works in fifty volumes. I tom. Articles, plays. 1917–1920]. – Almaty: Daur, Zhibek zholy, 2014. – 464 b. [in Kazakh]
3. Aimaityov Zh., Auezov M. Abaidyn oneri ham qyzmeti. Abaidy oqy, tanyrqa... / Qurastyrgan, algy sozi men tusiniktemelerin zhazgan M. Myrzakhmetov. [Abai's art and activity. Read Abai, wonder... / Compiled by, foreword and comments M. Myrzakhmetov]. – Almaty: Ana tili, 1993. – 160 b. [in Kazakh]
4. Auezov M. Abaidy bilmek paryz oily zhasqa [Knowledge of Abai is the duty of conscious youth]. – Almaty: Sanat, 1997. – 416 b. [in Kazakh]
5. Auezov M. Zhiyrma tomdyq shygarmalar zhinagy. XX tom. Monografiia, maqalalar [A collection of works in twenty volumes. Volume XX. Monographs, articles]. – Almaty: Zhazushy, 1985. – 496 b. [in Kazakh]
6. Abai (Ibrahim Kunanbayev). Eki tomdyq shygarmalar zhinagy. II tom. [A two-volume collection of works. Volume II]. – Almaty: Zhazushy, 1986. – 200 b. [in Kazakh]
7. Abai (Ibrahim Kunanbayev). Eki tomdyq shygarmalar zhinagy. I tom. [A two-volume collection of works. Volume I]. – Almaty: Zhazushy, 1986. – 304 b. [in Kazakh]
8. Tolstoy L. Ne mogu molchat [I can't keep quiet]. – Moskva: Sovetskaia Rossiia, 1985. – 528 s. [in Russian]
9. Al-Farabi. Filosofiialyq traktattar [Philosophical treatises]. – Almaty: Gylym, 1973. – 489 b. [in Kazakh]
10. Myrzakhmetov M. Muhtar Auezov zhane abaitanu problemalary [Mukhtar Auezov and problems of Abai studies]. – Almaty: Gylym, 1982. – 296 b. [in Kazakh]